

**Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қамау түріндегі жазалау, сондай-ақ өмір бойы бас бостандығынан айыруды қолданысқа енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 514 Заңы

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін күшіне енгізу туралы" 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 212-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2002 ж., N 18, 158-құжат):

**4 - б а п т а :**

"жазалар" деген сөз "жаза" деген сөзбен ауыстырылсын;  
", сондай-ақ өмір бойы бас бостандығынан айыру" деген сөздер алып тасталсын;  
"жазалаудың осы түрлерін" деген сөздер "жазалаудың осы түрін" деген сөздермен ауыстырылсын;  
"бірақ" деген сөзден кейін "2003" деген цифр "2008" деген цифрмен ауыстырылсын;  
"2003 жылғы 1 қаңтардан бастап" деген сөздерден кейін ", өмір бойы бас бостандығынан айыру туралы ережелері - 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап" деген сөздермен толықтырылсын.

2. "Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару кодексін күшіне енгізу туралы" 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 338-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат):

**4 - б а п т а :**

"жазалар" деген сөз "жаза" деген сөзбен ауыстырылсын;  
"бостандығын шектеу және" деген сөздер алып тасталсын;  
"жазалаудың бұл түрлерін" деген сөздер "жазалаудың бұл түрін" деген сөздермен ауыстырылсын;  
"2003" деген цифр "2008" деген цифрмен ауыстырылсын;  
"2000 жылғы 1 қаңтардан бастап" деген сөздерден кейін ", бас бостандығын шектеу түріндегі жазалау туралы ережелері - 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап, өмір бойы бас бостандығынан айыру туралы ережелері - 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап" деген сөздермен толықтырылсын.

